

ӨТІНІШ

БІЛІКТІЛІК (ТЕОРИЯЛЫҚ) ЕМТИХАНДАРЫН ТАПСЫРУҒА ЖІБЕРУ ТУРАЛЫ

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
Туған күні	
ЖСН	
Байланыс телефоны	
Электрондық пошта мекенжайы (бар болса)	
Авиациялық персонал куәлігінің нөмірі (бар болса)	
Емтихан мақсаты / Куәлік (белгі) түрі	☐ PPL ☐ CPL ☐ ATPL ☐ IR ӘК санаты: _____
Емтихан пәні	
Тапсыру әрекеті	☐ 1-ші ☐ 2-ші ☐ 3-ші
Алдыңғы тапсыру әрекетінің күні (қолданылса)	

ҮМІТКЕРДІҢ ӨТІНІШІ

Мені біліктілік (теориялық) емтихандарын тапсыруға жіберуіңізді сұраймын. Белгіленген біліктілік талаптарын орындағанымды және ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыс екенін растаймын.

Үміткердің қолы: _____ Күні: _____

ҮМІТКЕРДІҢ СӘЙКЕСТІГІН ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ ЕМТИХАНҒА ЖІБЕРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ:

- ☐ Үміткердің жеке басы анықталды
- ☐ Тиісті сыныптағы қолданыстағы медициналық сертификат ұсынылды
- ☐ Біліктілік талаптарының орындалуын растайтын құжаттар ұсынылды

- ☐ Үміткер біліктілік талаптарында белгіленген ең төменгі жасқа толған
- ☐ Біліктілік талаптарында көзделген даярлықтың барлық рәсімдері аяқталды
- ☐ Біліктілік талаптарында белгіленген тілді меңгеру деңгейі расталды (талап етілсе)

ЕМТИХАН АЛУШЫНЫҢ ШЕШІМІ:

- ☐ Біліктілік (теориялық) емтихандарын тапсыруға жіберу

- ☐ Біліктілік (теориялық) емтихандарын тапсыруға жіберуден бас тарту

БАС ТАРТУ НЕГІЗДЕРІ:

- ☐ Қажетті құжаттар ұсынылмаған
- ☐ Дұрыс емес мәліметтер қамтылған құжаттар ұсынылған
- ☐ Біліктілік талаптары орындалмаған

- ☐ Жарамсыз құжаттар
- ☐ Даярлық рәсімдері аяқталмаған
- ☐ Өзге: _____

ЕМТИХАН АЛУШЫ: _____ РҰҚСАТ №: _____
Т.А.Ә. (бар болса)

Емтихан алушының
қолы: _____

Күні: _____

ТІРКЕУ КАРТАСЫ

Емтихан пәні: _____			
Емтихан күні: _____	Басталу уақыты: _____	Аяқталу уақыты: _____ Өрекет №: _____	
Нәтиже: _____ %	☐ Өтті ☐ Өтпеді	Емтихан нәтижесімен таныстым:	Күні: _____
		(Үміткердің Т.А.Ә. және қолы)	
Ескертпелер: _____			

Біліктілік (теориялық) емтихандарын тапсыруға жіберу туралы өтінішті толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық «Біліктілік (теориялық) емтихандарын тапсыруға жіберу туралы өтініш» нысанын толтыру тәртібін белгілейді.

2. Нысан мыналарға арналған:

- 1) үміткердің біліктілік (теориялық) емтихандарын тапсыруға жіберу туралы өтінішін ресімдеуге;
- 2) үміткердің біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеруге;
- 3) біліктілік (теориялық) емтихандарын тапсыруға жіберу не жіберуден бас тарту туралы шешім қабылдауға;
- 4) емтихан нәтижелерін тіркеуге.

3. Үміткердің біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеруді теориялық білім бойынша тағайындалған емтихан алушы **біліктілік (теориялық) емтихандарын тапсыруға жіберу туралы шешім қабылданғанға дейін жүзеге асырады.**

2. Үміткердің өтінішті толтыруы

4. Үміткер мына бөлімдерді толтырады:

- 1) «Үміткер туралы мәліметтер»;
- 2) «Үміткердің өтініші».

5. Өтініште үміткер мыналарды растайды:

- 1) ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығын;
 - 2) авиациялық персонал куәлігін алу немесе біліктілік белгісін енгізу үшін біліктілік талаптарының орындалғанын.
6. Үміткер өтінішке қол қояды және оны берген күнін көрсетеді.

3. Үміткердің сәйкестігін тексеру

7. Өтінішті алғаннан кейін емтихан алушы үміткердің біліктілік талаптарына сәйкестігін тексереді. Үміткердің біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру біліктілік (теориялық) емтихандарын тапсыруға жіберудің міндетті шарты болып табылады.

8. Тексеру үміткер ұсынған және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы заңнамада белгіленген біліктілік талаптарының орындалуын растайтын құжаттар негізінде жүргізіледі.

9. Тексеру жүргізу кезінде емтихан алушы мыналарға көз жеткізеді:

- үміткердің жеке басының анықталғанына;
- үміткердің біліктілік талаптарында белгіленген ең төменгі жасқа толғанына;
- тиісті сыныптағы қолданыстағы медициналық сертификаттың бар екеніне;
- біліктілік талаптарында көзделген даярлықтың барлық рәсімдерінің аяқталғанына;
- біліктілік талаптарында белгіленген тілді меңгеру деңгейінің расталғанына;
- біліктілік талаптарының орындалғанына.

10. Әрбір тексерілетін тармақ бойынша емтихан алушы нысанның тиісті өрісіне белгі қояды.

11. Белгі нысанның әрбір өрісіне «Х» - сәйкес келмейді, «✓» - сәйкес келеді таңбасын қою арқылы қойылады.

4. Емтиханға жіберу туралы шешім қабылдау

12. Тексеру нәтижелері бойынша емтихан алушы мына шешімдердің бірін қабылдайды:

- үміткерді біліктілік (теориялық) емтихандарын тапсыруға жіберу;
- біліктілік (теориялық) емтихандарын тапсыруға жіберуден бас тарту.

13. Бас тартылған жағдайда емтихан алушы нысанның тиісті өрісіне белгі қою арқылы бас тарту негізін көрсетеді.

14. Бас тартудың өзге негіздері болған кезде емтихан алушы оларды «Өзге» өрісінде көрсетеді.

15. Қабылданған шешім емтихан алушының қолымен куәландырылады, онда мыналар көрсетіледі:

- тегі, аты және әкесінің аты (бар болса);
- емтихан алушы рұқсатының нөмірі;
- шешім қабылданған күн.

5. Емтиханды тіркеу

16. Үміткердің өтінішін тексеру аяқталғаннан және емтиханға жіберу туралы шешім қабылданғаннан кейін емтихан алушы осы Рәсімге 3-қосымшадағы нысан бойынша «Тіркеу картасын» толтырады.

17. Тіркеу картасында мыналар көрсетіледі:

- үміткердің Т.А.Ә.;
- үміткердің ЖСН-ы;
- емтихан пәні;
- емтихан күні;
- емтиханның басталу уақыты.

Емтиханға келген кезде үміткер емтихан алушыға тіркеу картасын және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

18. Емтихан аяқталғаннан кейін емтихан алушы «Тіркеу картасының» мына өрістерін толтырады:

- емтиханның аяқталу уақыты;
- тестілеу нәтижесі пайызбен;
- қорытынды нәтиже «Өтті» немесе «Өтпеді»;
- ескертпелер (қажет болған жағдайда).

19. Емтихан нәтижесімен танысқаннан кейін үміткер қолын қояды және танысқан күнін көрсетеді.

20. Тестілеу нәтижесімен келіспеген жағдайда үміткер «Ескертпе» өрісіне тиісті жазба жасайды.

6. Құжаттаманы сақтау

21. Толтырылған өтініш үміткердің біліктілік талаптарына сәйкестігі тексерілгенін және біліктілік (теориялық) емтиханына жіберу туралы шешім қабылданғанын растайтын құжат болып табылады.

22. Өтініш Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде біліктілік емтиханы материалдарының құрамында сақталады.